

"Қазақстан" Мемлекеттік телерадио хабарларын тарату компаниясы туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 4 мамырдағы N 357 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 наурыздағы № 265 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.03.31 № 265 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді: Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы "Қазақстан Мемлекеттік телерадио хабарларын тарату компаниясы туралы осыған қосылған Ереже бекітілсін. Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 4 мамырдағы N 357 қаулысымен Бекітілген "Қазақстан" Мемлекеттік телерадио хабарларын тарату компаниясы туралы ЕРЕЖЕ Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы "Қазақстан" Мемлекеттік телерадио хабарларын тарату компаниясы /бұдан әрі "Қазақстан" Мемлекеттік телерадио компаниясы/ Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан" Мемлекеттік телерадио хабарларын тарату компаниясын құру туралы " 1992 жылғы қыркүйектің 18-індегі N 920 Жарлығына сәйкес құрылды және Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқаруының орталық органы құқында ж ұ м ы с і с т е й д і .

"Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясы республикалық теледидардың, республикалық радионың, "Қазақтелефильм" студиясының, облыстық және қалалық телерадиокомпанияларының шығармашылық-өндірістік құ р ы л ы м д а р ы н біріктіреді.

2. "Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясы Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында және шетелдерде қажетті шаруашылық-қаржы операцияларын жүргізетін, банк мекемелерінде өзінің есеп айырысу, бюджеттік және валюталық есепшоты бар, сыртқы экономикалық қызметті заңмен белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асыра алатын дербес баланстағы заңды ұйым болып саналады.

3. "Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясы өз қызметінде Қазақстан Республикасының заң актілерін, Қазақстан Республикасы Президентінің, Министрлер Кабинетінің шешімдерін, осы Ережені және өз қызметінің саласына қатысы бар басқа да нормативтік актілерді басшылыққа алып отырады.

4. "Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясының Қазақстан Республикасының елтаңбасы бейнеленген, қазақ және орыс тілдерінде атауы жазылған мөрі, фирмалық белгісі, эмблемасы болады.

5. "Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясының орналасқан жері және заңды мекен-жайы: Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 175.

"Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясының м і н д е т т е р і

6. "Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясы:

теледидар және радио бағдарламаларын әзірлейді, оларды республиканың аумағына және шетелдерге таратады, телерадио бағдарламаларының кәсіби деңгейінің жоғары болуын қамтамасыз етеді, бұл бағдарламалардың елдегі әлеуметтік-экономикалық дамуды жеделдетуге, нарық экономикасының қалыптасуы мен қоғамды демократияландыру процестерін күшейтуге ықпал етуіне мүмкіндік туғызады;

Қазақстан теледидар мен радио хабарларын жалпы ұлттық құрылым ретінде дамытудың және оны жүзеге асырудың стратегиясы мен негізгі бағыттарын қалыптастырады, қалалық, аудандық, облыстық, республикалық және мемлекетаралық телерадио хабарлары ұйымдарының таратушы жүйелерін дамыту мен пайдалануды, олардың Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы республикалардағы және шетелдердегі телерадио органдарымен өзара іс-қимылдарын үйлестіреді;

мемлекеттік теледидар мен радио хабарларын, теледидар мен радионы басқару жүйелерін жетілдіреді, бағдарламалардың шығармашылық деңгейі мен мазмұндылығын арттырады, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің халқын республиканың саяси-экономикалық және мәдени өміріндегі аса маңызды мәселелер жөнінен хабардар етуді жақсартады;

егеменді құқықтық мемлекет ретінде республиканың мемлекеттік және құқықтық өмірін теледидар мен радио хабарлары арқылы терең де жан-жақты көрсетіп отырады, әлеуметтік-экономикалық даму процестерін шыншылдық тұрғысынан бейнелейді, рухани прогресс пен нарық экономикасын қалыптастыруға, демократияландыру мен жариялылыққа, ұлтаралық қатынастардың жарасымдылығына, қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейтуге, Қазақстан халықтарының мәдениетін дамытуға және ұлттық ерекшеліктердің сақталуына, республикада және одан тыс жерлерде жалпы адамгершілік ізгі қасиеттерге бағдар ұстауға ықпал етеді;

теледидар мен радио хабарларын тарату саласында біртұтас техникалық және технологиялық саясат жүргізеді, ғылыми-техникалық әлеуетті дамытып,

теледидар мен радио саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырады; теледидар мен радио хабарларын таратудың материалдық-техникалық базасын дамытудың мемлекеттік бағдарламаларының жобасын жасап, іске асырады;

теледидар мен радио хабарларын дамытудың тиімді бағыттары бойынша халықаралық ынтымақтастықты үйлестіреді, тиісті халықаралық және үкіметтік емес ұйымдарға, халықаралық техникалық комиссиялар мен ұйымдарға өкілдерін қ а т ы с т ы р а а л а д ы ;

мемлекеттік теледидар және радио хабарлары органдары қызметінің құқықтық қамтамасыз етілуін жетілдіреді.

"Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясының қ ы з м е т і

Теледидар мен радио бағдарламаларын әзірлеу және оларды республика аумағы мен шетелдерде тарату саласында

7. Өз ақпаратының шыншыл, жедел және алғашқы болып таратылуы принциптері бойынша жұмыс істей отырып, республика аумағында мемлекеттік теледидар мен радио хабарларын ұйымдастырады және теледидар мен радио бағдарламаларын шетелдерге таратады. Теледидар мен радио бағдарламаларының жоғары идеялық көркемдік деңгейін қамтамасыз етеді. Егеменді мемлекет ретінде Қазақстан Республикасы, оның ішкі және сыртқы саясаты, адамдар өмірі мен қоғамда болып жатқан процестер, олар жөніндегі шетелдік пікірлер, халықаралық оқиғалар мен процестер туралы жан-жақты а қ п а р а т б е р е д і .

Қазақстан Республикасының жоғары мемлекеттік өкімет және басқару органдарының қызметі туралы ресми хабарларды ел ішінде және шетелдерге таратады, олар қабылдаған шешімдерді түсіндіреді, бұл шешімдер бойынша келіп түскен пікірлерге талдау жасайды.

Теледидар мен радио хабарларының қорына арнап телерадио бағдарламаларын түсіріп, жазып алады. Материалдардың таралымын анықтайды ж ә н е к ө б е й т е д і .

Теледидар мен радио бағдарламаларының, таңдаулы әдеби және музыкалық шығармалар бәйгесін ұйымдастырады.

Белгіленген тәртіппен арнаулы әдебиет және басқа баспа өнімдерін шығарады, телерадио мәселелері бойынша республика ішінде және халықаралық к ө р м е л е р ұ й ы м д а с т ы р а д ы .

Теледидар мен радио бағдарламаларының перспективалық және жылдық тақырыптық жоспарларын, теледидар мен радио хабарларының қорына арналған жазбаларды, телефильмдер түсірудің тақырыптық жоспарларын бекітеді,

телерадио бағдарламаларын қабылдау мен берілу тәртібін анықтайды.

Телефильмдерді өндіріске өткізу, оларды көбейту жолдарын белгілейді. Белгіленген тәртіппен сценарийлер жазу мен телефильмдер шығаруға байланысты шығындардың ережесін әзірлеп, бекітеді. Телерадио хабарларының өндірісіне байланысты нормативтерді бекітеді.

Заңға сәйкес теледидар мен радио хабарлары үшін әдебиет пен өнер шығармаларына тапсырыс беру, сатып алу және пайдалану тәртібін белгілейді.

8. Қазақстан және шетелдерде өзінің бөлімшелері мен тілшілер пункттерін ұйымдастырады, тілшілерді және басқа мамандарды республика шегінде және шетелдерге іссапарға жібереді.

9. Теледидар мен радио қызметкерлерінің біліктілік мінездемелерін, сондай-ақ тарифтік санаттарды белгілеген кезде қойылатын талаптарды бекітеді / Бұған біртұтас тарифтік-біліктілік талаптары қойылатын қызметкерлердің мінездемелері кірмейді /.

10. Халықтың рухани ұлттық байлығы мен оның мәдени мұрасының бір бөлшегі ретінде теледидар мен радио шығармаларының, телефильм өндірісінің біртұтас қорын іріктеу, қалыптастыру және сақтау жөнінде мемлекеттік қызметті жүзеге асырады.

11. Көркемдік, тарихи және мәдени тұрғыдан ерекше құнды болып саналатын телерадио бағдарламалары мен телефильмдерді іріктеу тәртібін, ұзақ уақыт сақтау мерзімі мен шартын заңға сәйкес белгілейді.

12. Кадрлармен жүргізілетін жұмыстың негізгі бағыттарын анықтайды, теледидар мен радиодағы кадр мәселесінің жай-күйіне талдау жасайды. Еңбек қатынастарының шарттық-конкурстық жүйесін пайдалана отырып, кәсіптік біліктік деңгейіне қойылатын ортақ талаптар негізінде кадрларды іріктейді және орналастырады.

Теледидар мен радио қызметкерлерімен даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін үздіксіз арттыруды ұйымдастырып отырады.

Республикалық байланыс және ақпарат жүйесіндегі біртұтас мемлекеттік саясатты жүзеге асыру саласында

13. Республикалық, облыстық, қалалық, аудандық мемлекеттік телерадио бағдарламаларының мазмұнын, көлемін және тарату тәртібін белгілейді.

14. "Баспасөз және басқа да бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес телерадио станциялары мен кабель жүйелерін дамыта отырып, республика аумағында телерадио ұйымдарымен өзара байланыс орнатады, аудио бейне өнімінің ортақ рыногын қалыптастыруға қатысады.

Телерадио бағдарламаларын әзірлейтін және хабар беретін ұйымдармен

шығармашылық-өндірістік және коммерциялық қарым-қатынасын шартты негізде, шығармашылық ынтымақтастық және өзара тиімді мүдделерді орындау ж о л ы м е н о р н а т а д ы .

15. Теледидар және радио хабарлары органдары мен ұйымдарының техникалық, экономикалық, құқықтық және басқа да зерттеулерді тереңдету мен жетілдіру мақсатында телерадио саласындағы ғылыми-техникалық әлеуетті, дүниежүзілік және отандық практиканың жетістіктерін пайдаланады.

Мүдделі жақтардың қатысуымен теледидар мен радио хабарлары жөніндегі органдар мен ұйымдардың қызметіне талдау және болжам жасайды.

16. Байланыс министрлігімен бірлесе отырып, заңда көрсетілген тәртіппен "Қазақстан" Мемлекеттік телерадио компаниясының бағдарламаларын қабылдау мен таратуға кедергі жасайтын әрекеттерді жою шараларын қолданады.

17. Телерадио бағдарламаларын, ғылыми-әдістемелік, құқықтық, ғылыми-техникалық, коммерциялық және басқа ақпараттар алмасу, республикалық қорларды қалыптастыру мәселелерін шартты негізде шешу үшін басқа телерадио органдарымен екіжақты және көпжақты келісім әзірлейді және қ а б ы л д а й д ы .

18. Республика облыстарындағы телерадио ұйымдары арасында ақпарат а л м а с у ғ а ж ә р д е м д е с е д і .

Қазақстан Республикасында біртұтас техникалық және технологиялық саясат жүргізу саласында

19. Республиканың байланыс органдарымен бірлесе отырып мемлекеттік теледидар мен радио хабарлары бағдарламаларын әзірлеп, таратудың біртұтас жалпы республикалық желісінің қызметін қамтамасыз ететін техникалық құралдарды ұтымды орналастыруға және тиімді дамытуға көмектеседі, теледидар мен радионың хабар беретін техникалық құралдары мен республикада телерадио хабарлары бағдарламаларын таратып бөлетін коммутациялық желілерді қалыптастырып, қай жерге шоғырландыру қажеттігін анықтайды.

20. Теледидар мен радио бағдарламаларын қалыптастырудың техникалық базасының құрылысын салу және жаңарту жөніндегі перспективалық және жылдық жоспарларды /болжамдарды/ әзірлейді.

21. Республиканың Байланыс министрлігі бөлген техникалық құралдардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді.

22. Теледидар, радио және кинотехнологиясы саласындағы техникалық шарттарды, әдістемелік нұсқаулар мен басқа да нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлейді, оларды келісіп пайдалану шараларын жүзеге асырады.

Талап етілетін өлшем бірлігі мен нақтылығына қол жеткізуге,

ғылыми-техникалық прогресті жетілдіруге, теледидар мен радио жабдығы жұмысының тиімділігін арттыруға, бағдарламалар сапасын жақсартуға бағытталған жұмыстарды метрологиялық қамтамасыз ету шараларын жүзеге асырады.

"Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясының бағдарламаларын әзірлеп, таратудың сапасына бақылау жасайды.

23. Бюджеттен бөлінетін қаржы, соның ішінде еркін айналымдағы валюта есебінен тапсырыстар жасап, телерадиоға қажетті техниканың, технология мен жабдықтың жаңа түрлерін алу жөніндегі операцияларды қаржыландырады. Телерадио үшін жабдық шығаратын кәсіпорындармен, ғылыми-зерттеу ұйымдарымен тікелей байланыс орнатады. Қажетті жабдыққа деген сұранымды зерттейді, бір орталықтан бөлінетін қаржыны, сондай-ақ телерадио хабарлары органдары мен ұйымдарының қаржысын пайдалана отырып, телерадио жабдықтарын өндіретін қуаттарды дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлейді. Ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарды орындау жөнінде шарт жасайды. Теледидар мен радио хабарларына арналған қазіргі талапқа сай техникалық құралдар мен жабдықтар өндірісін үйлестіреді. Телерадио қабылдағыштары өндірісінің жоспарларын әзірлеуге қатысады.

24. Телерадио бағдарламаларын таратуды техникалық жағдайларға сәйкестендіру мақсатында салынатын үйлер мен ғимараттар құрылысының техникалық жобаларын белгіленген тәртіпке сай үйлестіреді.

Теледидар, радио және кинотехнология жабдықтарына, босалқы бөлшектер мен пайдалану материалдарына деген сұранымды белгілейді. Республиканың Министрлер Кабинеті белгілеген тәртіп бойынша мемлекеттік телерадиокомпаниясының кәсіпорындары мен ұйымдарын алдын-ала жасалатын шартқа сай материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз етеді.

25. Жабдықтарды, материалдарды, босалқы бөлшектерді сатып алу мен үлгілі қызмет көрсетуді ұйымдастыруға орай шетелдік фирмалармен ынтымақтаса жұмыс жүргізеді.

26. Күрделі құрылысқа бюджеттен бөлінген қаржы мен құралдарды ұтымды пайдаланады, теледидар мен радионың материалдық-техникалық базасын одан әрі дамытуды қамтамасыз етеді.

Теледидар мен радио хабарларының қызметін құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру саласында

27. Қазақстан Республикасында теледидар мен радиохабарын ұйымдастыру мен басқарудың құқықтық негіздерін әзірлеуге қатысады.

28. Теледидар мен радиохабарлары туралы теледидар көрермендері мен

радиохабарларын тыңдаушылардың құқықтары мен заң жүзіндегі мүдделерін қорғау туралы заңдардың орындалуына бақылау жасауға қатысады.

Ақпаратты құқықтық жұмыс жүргізе отырып, телерадио саласындағы заңдылықтың орындалуын және нығайтылуын қамтамасыз етеді.

Телерадио қызметін реттейтін нормативтік актілер бюллетенін әзірлеп шығарады. Қазақстан Республикасы мен шетелдерде теледидар мен радио саласындағы заңдарды пайдалану тәжірибесін қорытындылайды және оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеп, Республика Президенті мен Министрлер Кабинетінің қарауына енгізеді.

29. Құқықтық құралдар арқылы "Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясының сыртқы экономикалық қызметін қамтамасыз етеді және белгіленген тәртіп бойынша тиісті халықаралық-құқықтық ұйымдарда оның мүддесін қорғайды.

Қазақстан Республикасының теледидар мен радио хабарларын дамытудың басым бағыттары бойынша халықаралық байланыстары саласында

30. Қазақстан Республикасының теледидар мен радио хабарлары саласындағы мемлекеттік сыртқы саясат мәселелері жөніндегі халықаралық байланыстарын жүзеге асырады, Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерінің орындалуын, сыртқы экономикалық байланыстардың кеңейтілуін, теледидар мен радио хабарларының экспорттық базасының дамуын қамтамасыз етеді.

31. Қазақстан Республикасының теледидар мен радио хабарлары саласындағы халықаралық және сыртқы экономикалық қызметіне байланысты шараларының жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Шетелдік телерадиокомпанияларымен және ұйымдарымен ынтымақтастық туралы келісімдер, хаттамалар және басқа құжаттар әзірлейді. Сыртқы экономикалық қызмет саласында шарттар жасайды.

32. Теледидар мен радио хабарлары саласында экспорттық-импорттық, өкілеттік-делдалдық және басқа да сыртқы экономикалық қызмет түрлерін жүзеге асырады.

Мемлекеттік телерадиокомпаниясының құрамына кіретін бірлестіктерге, кәсіпорындар мен ұйымдарға шетелдік фирмалармен байланыс орнатуға көмектеседі.

33. Телерадио хабарлары саласында маманданушы шетелдік ақпарат құралдарымен, ұйымдармен, компаниялармен, корпорациялармен ынтымақтаса жұмыс істейді.

Теледидар мен радио хабарлары жөніндегі халықаралық ұйымдардың, телерадио хабарлары мәселелері жөніндегі халықаралық техникалық

комиссиялар мен ұйымдардың қызметіне қатысуға байланысты жұмыстарды ұйымдастырады және атқарады.

Теледидар мен радио хабарларының отандық және шетелдік техникалық құралдарын дамыту саласындағы жетістіктерді, шетелдердегі теледидар мен радио хабарларын ұйымдастырудың озық тәжірибелерін зерттейді және енгізеді.

34. "Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясы өзінің негізгі мақсаттары мен міндеттерін орындауға, материалдық-техникалық, әлеуметтік базасын дамытуға және қаржы-экономикалық жағдайын нығайтуға мүмкіндік беретін шараларды жүзеге асыра алады, бағдарламаларды радио және бейнежазу таспаларына түсіріп көбейту, қосалқы шаруашылықпен және қызметтің басқа да түрлерімен айналысады.

"Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясының құқықтары

35. "Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясы:

мемлекеттік органдардан, қоғамдық бірлестіктерден және лауазымды адамдардан телерадио бағдарламаларын әзірлеуге қажетті ақпарат алуға, қызмет бабындағы міндеттерді атқару үшін мемлекеттік телерадиокомпаниясының қызметкерлеріне қажет болған жағдайда мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардан көмек /жәрдем/ алуға, елде болып жатқан аса маңызды оқиғалар туралы фильмдер түсіруге, хабарлар жазып алуға және көрермендер мен радиотыңдаушыларды жедел хабардар етуді ұйымдастыру үшін компания қызметкерлерін митингілерге, жиналыстарға, шерулерге, халықтың ойын-тойларға және басқа да бұқаралық шараларға, сондай-ақ табиғи апаттар мен зілзала болған аудандарға жіберуге құқылы;

Қазақстан Республикасының заңдары, Президенттің жарлықтары, Министрлер Кабинетінің қаулылары мен өкімдері негізінде және оларды орындау мақсатында мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға байланысты мәселелер бойынша нормативтік актілер шығаруға құқылы;

"Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясының құзырындағы мәселелер бойынша заңдылықтың сақталуына бақылау жасауға және тексеруге, Қазақстан Республикасының аумағында теледидар мен радио бағдарламаларын әзірлеу мен тарату мәселелері бойынша "Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясы шығарған нормативтік актілердің орындалуы жөнінде ақпарат алуға және оларға талдау жасауға құқылы;

заңда белгіленген тәртіп бойынша телекөрермендер мен радиотыңдаушылардың, басқа да телерадио өнімдерін пайдаланушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау шараларын қолдана алады;

телерадио бағдарламаларын таратудың техникалық шарттарынан ауытқыған үйлер мен ғимараттардың құрылысын тоқтату туралы тиісті органдарға ұсыныстар жіберуге құқылы;

"Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясына бекітіліп берілген белгіленген радиотолқындары, хабар тарату және байланыс арналары бар барлық техникалық құралдардың "Қазақстан" телерадиокомпаниясының бағдарламаларын тарату мақсатында жұмыс істеу /көлемі мен тәртібі/ режимін анықтауға құқылы;

мемлекеттік телерадиокомпаниясының бағдарламаларын таратудан бос уақытта басқа пайдаланушыларға беруге рұқсат ете алады;

телерадио ұйымдары мен олардың баспа органдарын құруға және олардың қызметін тоқтатуға, бұл органдардың бағдарламаларын, жарғыларын /ережелерін / бекітуге, оларды қаржыландыруға және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуге құқылы;

республиканың Байланыс министрлігімен келісе отырып, халық депутаттарының жергілікті Кеңестеріне өз аумақтарында мемлекеттік телерадиокомпания хабарларының таратылу тәртібін өзгерту үшін рұқсат етуге құқылы;

мемлекеттік телерадиокомпаниясының қызметкерлері мен шетелдердегі өкілдіктерінің санын әртүрлі санаттағы қызметкерлердің арасалмағын ескермей-ақ өз қалауынша белгілеуге және құрылымды, штатты бекітуге құқылы;

мемлекеттік телерадиокомпанияға бөлінген қаржы және басқа да түсімдер есебінен уақытша шығармашылық ұжымдар, теледидар мен радиохабарларын тарату органдарын дамытуға жәрдемдесетін ұйымдық құрылымдар құруға құқылы;

отандық және шетелдік мамандарды жұмысқа қабылдауға, олармен шартқа отыруға құқылы;

арнайы тапсырма бойынша әзірленетін телерадио хабарларының, сондай-ақ көрсетілетін қызмет түрінің бағасын өзінің қалауы бойынша соммен және шетелдік валютамен белгілеуге құқылы;

белгіленген тәртіп бойынша республикадағы және шетелдердегі фирмалар, ұйымдар, өкілдіктер, бөлімшелер, агенттіктер, тілшілер пункттері мен бөлімшелерін құруға, қайта құруға және олардың қызметін тоқтатуға құқылы;

теледидар мен радиохабары саласындағы проблемаларға талдау жасауға және олардың ұтымды шешімдерін іздестіруге жоғары білікті мамандар мен сарапшыларды, соның ішінде шетел өкілдерін қатыстыруға құқылы;

"Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясының қызметіне байланысты конкурстар, фестивальдар және басқа да шаралар өткізу үшін қажетті қаржы

мөлшерін айқындап бекітуге құқылы;

Қазақстан Республикасының министрліктері мен мемлекеттік басқарудың басқа да орталық органдары үшін белгіленген тәртіп бойынша республика Министрлер Кабинетінің қаулылары мен өкімдерін алуға құқылы;

өзіне жүктелген міндеттер мен қызметтерді орындау барысында "Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясы Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқарудың орталық органдарына берілетін басқа да құқықтарды пайдалана алады ;

36. "Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясының құрамындағы немесе оның мүдделеріне қатысты мәселелерді заңда көзделген жағдайларда мемлекеттік органдар және шаруашылық ұйымдары "Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясымен келісе отырып шешеді.

"Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясын басқару

37. "Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясын Қазақстан Республикасының заңына сәйкес тағайындалған Төраға басқарады.

"Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясы Төрағасының заңда белгіленген тәртіп бойынша тағайындалған орынбасарлары болады. Орынбасарлар арасындағы міндеттерді "Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясы белгілеп береді.

38. "Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясының Төрағасы компанияның қызметіне басшылық етеді, оған жүктелген міндеттер мен қызметтердің орындалуына тікелей жауап береді, Төраға орынбасарларының, құрылымдық бөлімшелер мен құрылымдық бірліктердің, сондай-ақ компания құрамындағы бірлестіктер, кәсіпорындар, ұйымдар басшыларының жауапкершілігі деңгейін белгілейді.

39. "Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясында құрамында Төраға, оның орынбасарлары және компанияның басқа да жауапты қызметкерлері бар коллегия құрылады .

Коллегияны "Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясының Төрағасы басқарады. Коллегия мүшелерін "Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясы Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді .

Коллегия өзінің тұрақты өткізілетін мәжілістерінде "Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясының қызметін жетілдіру мен дамытудың перспективалы және өзекті мәселелерін талқылайды, құрылымдық бөлімшелердің басшыларын қызметке бекітеді және қызметтен босатады, сондай-ақ әкімдермен келісе отырып, облыстық және қалалық телерадиокомпаниялардың төрағаларын

бекітеді және қызметтен босатады. "Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясының бөлімшелері туралы ережені бекітеді.

Коллегия шешімдері әдетте "Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясы Төрағасының бұйрығы арқылы орындалады.

"Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясының мүлкі және қоры

40. "Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясының мүлкіне негізгі қорлар мен айналымдағы қаржы, әуе толқыны арқылы берілетін телерадио хабарлары, бағасы компанияның дербес балансында көрсетілген басқа да құндылықтар, сондай-ақ авторлық құқық нормаларымен қорғалатын интеллектуалдық меншік жатады.

41. "Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясы Қазақстан Республикасының қазіргі заңына сәйкес негізгі және айналымдағы қаржыларды, өз бөлімшелерінің әуе толқыны арқылы хабар тарату уақытын, жер мен табиғи ресурстарды пайдалана алады.

"Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясы республика Байланыс министрлігінің хабарлар тарататын техникалық құралдарын жалға алады, ал жаңадан іске қосылатын техникалық құралдар оған бірінші кезекте жеңілдік жағдаймен беріледі.

42. "Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясы өз қызметін Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті тағайындап беретін бір сағаттық телерадиохабарларының құнына және бір жылдық хабар беру мөлшеріне орай республикалық бюджеттен бөлінетін қаржы, коммерциялық қызметтен түсетін кіріс, телерадио хабарларын басқа мекемелерге, соның ішінде шетелдік телерадио ұйымдарына сатудан, эфирлік уақытты сырт ұйымдарға беруден, оларға көлік, байланыс, телерадио техникасын, аудармашыларды жалға беру, сондай-ақ заңға қайшы келмейтін басқа да қызмет түрлерін коммерциялық негізде жүзеге асыру есебінен атқарады.

43. Бюджеттен мына мақсаттар үшін:

республикалық, облыстық, қалалық бөлімшелердің хабарларын дайындауға қажетті, "Қазақтелефильм" студиясының шығыны мен арнайы тапсырысты телерадио бағдарламаларын, телефильмдер мен музыкалық хабарлар дайындауға кететін шығынды өтеуге қажетті;

байланыс министрлігінен жалға алатын техникалық құралдар үшін ақы төлеу, соның ішінде республика аумағында, сондай-ақ одан тыс жерлерде мемлекеттік және мемлекетаралық телерадио бағдарламаларын таратуға қажетті;

Мемтелерадиокомпаниясы телерадиохабарларының сапасын арттыруды

қамтамасыз ететін материалдық-техникалық базаны нығайтуға /сом және шетелдік валюта есебінен/ қажетті;

мемлекеттік өкімет пен басқарудың жоғарғы органдарының арнаулы тапсырыстарын орындауға жұмсалатын қаржы бөлінеді.

44. "Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясы қазіргі шаруашылық заңдарына сәйкес қор құрып, оны пайдаланудың мөлшері мен тәртібін өз қалауы бойынша анықтайды.

45. "Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясы дербес телерадио хабарларын алдын-ала жасалатын шарттың негізінде шығармашылық ынтымақтастық пен өзара тиімді мүдделерді сақтай отырып, телерадио хабарларын әзірлеп тарататын кәсіпорындармен шығармашылық өндірістік және коммерциялық қатынасты қалыптастырады.

"Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясы және оның қарамағындағы ұйымдар мен кәсіпорындар өздерінің шақыруы бойынша Қазақстанға келген шетелдік азаматтарға жұмсалатын қонақүйдегі жанбас ақы, басқа да шығындарды, соның ішінде шетел азаматтарын Қазақстан Республикасының аумағында тасымалдауға байланысты авиация кәсіпорындарына кететін шығындарды соммен төлей алады.

"Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясындағы есеп, есеп беру және бақылау

46. "Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясы бухгалтерлік, жедел және статистикалық есеп жүргізеді, белгіленген тәртіп бойынша өндірістік-шаруашылық қызметтің барлық түрлері бойынша есеп береді, есеп пен баланстың нақтылығын қамтамасыз етеді.

47. "Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясы заңға сәйкес өзіне бағынышты бірлестіктердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметіне жан-жақты тексеру жүргізуді қамтамасыз етеді.

"Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясын қайта құру және тарату

48. "Қазақстан" Мемлекеттік телерадиокомпаниясы қолданылып жүрген заңдарға сәйкес қайта құрылады және таратылады.